


**Техникалық және кәсіптік білім беру
ұйымдарында жаңартылған білім беру
бағдарламасының маңыздылығы**



Дайындаған: қазақ тілі және әдебиеті пәнінің
оқытушысы **Жаркинбекова Сагдат Серикбаевна**



*Бұған дейін жасалғандардың бәрін одан да жақсырақ етіп жасауға болады...
Генри Форд*

Қазіргі Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне бағытталған жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуы жүріп жатыр. Бұл процесс педагогикалық теория мен практикадағы елеулі өзгерістермен қатар жүреді. Білім беру реформасы – елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі маңызды бағыт.



Білім беру мазмұнын жаңарту – бұл, ең алдымен, орта білім беру моделінің өзін, оның құрылымын, оқыту мен тәрбиелеудің тәсілдері мен әдістерін қайта қарау, білім алушылардың жетістіктерін бағалаудың түбегейлі жаңа жүйесін енгізу.

Аталған бағдарламаның басты мақсаты – бәсекеге қабілеттілікті, функционалдық сауаттылықты арттыру, балаларды тиісті біліммен қамтамасыз ету және оларға қажетті қасиеттер мен құндылықтарды сіңіру.




Қоғамның жаһандануы, адам ресурстарын жұмылдыру, АКТ-дағы үлкен өзгерістер, интернеттегі ақпараттың қол жетімділігі, БАҚ пен технологиялардың өсіп келе жатқан әсері, білім берудегі инновациялар сияқты әлемдегі өзгерістер отандық білім беруде де өзгеріс қажеттілігін тудырды.

Жаңартылған бағдарламаның маңызды міндеттерінің бірі - «Оқыту - үйрену», өмір бойы білім алу, бұл жаңа бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дамытуға ықпал етеді. Бүгінде білім беру жүйесі сыртқы келбетін қарқынды түрде өзгертіп жатыр. Бұл, ең алдымен, қазақстандық білім берудегі елеулі өзгерістерге байланысты. Алдымызда мынадай мәселелер тұр: «Ақпараттандыру заманында қалай оқыту керек?» Әлем бүгінде өзгерді. Ал біз оқыған бағдарлама бүгінгі білім алушыға жетпейді. *Неге?*

Өйткені басқа уақыт келді. Басқа да экономикалық қарым-қатынастар, жоғары дағдыларды қажет ететін жаңа технологиялар келді.

Енді басты міндет – білім алушыларға білім беру ғана емес, оларды тәжірибеде қолдануға үйрету. Сонымен қатар, біз оларды өз бетімен білім алуға және ақпарат іздеуге ынталандыруымыз керек. Бұл жаңартылған мазмұнның мәні.



Бұл бағдарламаның дәстүрлі бағдарламадан ерекшелігі:

1. Пән мазмұнының спиралді қағидатпен берілуі. Яғни пән мазмұны қарапайымнан күрделенуі.
2. Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы;
3. Бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі
4. Оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру;
5. Оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру
6. Білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою;
7. Бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы;
8. Оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу)

Жаңартылған білім беру мазмұнының ерекшелігі қандай?



Жаңартылған білім беру мазмұнының басты ерекшелігі:

1. Оқу дағдылары (оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым);
2. Ойлау дағдылары (білу, түсіну, қолдану, талдау, салыстыру, бағалау);
3. Шығармашылық ойлау дағдысы
4. Логикалық ойлау дағдысы
5. Сыни ойлау дағдысы
6. Алгоритмдік ойлау дағдысы
7. Критикалық ойлау дағдысы
8. Проблемалық ойлау дағдысы
9. Технологиялық ойлау дағдысы
10. Тілдік құзіреттілік дағдысы
11. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту



*Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана,
шәкірт жанына нұр құя алады!*

Ахмет Байтұрсынов



Қазақ тілін оқытудағы басты мақсат – ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан тұлға тәрбиелеу, оқушылардың өзара белсенді әрекеттері арқылы өздігімен білім игеру, оны іздену, құрастыру, ой-өрісін кеңейтуде ауызша сауатты сөйлеу мен жазба тіл мәдениетін дұрыс қалыптастыру болып табылады.

Тұлғаның қалыптасуына қажетті басты құрал – тіл. Тілді дамыту – еліміздегі мемлекеттік саясаттың ең басты бағыттарының бірі. Мектептерде қазақ тілін оқытып, үйретудің басты ұстанымы – оқушылардың сөйлеу әрекетін қалыптастыруға бағытталған коммуникативтік ұстаным болып табылады. Жаңартылған білім беру бағдарламасы тілдік қызмет дағдыларын дамытуға (тыңдау, айту, оқу, жазу) аса назар аударылып отыр. Оқу кезеңінен жазба тілге дейінгі оқытудың бірізділігін жүзеге асыруды көздейді. Жаңартылған білім беру бағдарламасындағы қарым-қатынас құрудың маңызын түсіну және сабаққа арналған тілдік мақсаттарды белгілеу көзделген.

*Болашақта өркендетті дамыған
елдердің қатарына ену үшін, заман
талабына сай білім қажет!*

Елбасы Н.Ә.Назарбаев



Жаңартылған оқу жоспарлары, тілдік дағдылар, белсенді оқу қағидаттарын енгізеді. Оқу мен оқытудағы әр іс-әрекет мақсатқа жетуге бағытталады түсінікті. Егер ұстаз тәжірибесінде үйреніп жатқан белсенді әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана біпедагогикалық әдіс-тәсілдер және белсенді оқыту техникалары мұғалімді шабыттандырып, одан сайын қанаттандыратыны анық. Әр мұғалім тиімді оқу мен оқыту тәсілдерімен таныса отырып, өзінің педагогикалық қызметіне лсе, оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттері дамып, білімнің қажеттілігін түсінеді. Яғни, «Не үшін?», «Қалай?», «Неліктен?» деген сұрақтарға жауап іздей бастайды. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы - оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым– қатынасқа түсу, жеке, топта жұмыс жасай білу функционалды сауаттылықты, шығармашылықпен қолдана білу. Мысалы «Жазылым» дағдысын қалыптастыруды алатын болсақ, сабақ барысында жиі берілетін тапсырмалар, мәтін құрастыру, қысқаша эссе жазу деп беріліп жатады.

Жалпы жазылым дегеніміздің өзі, біріншіден, коммуникативтік әрекет. Неге, кімге, не үшін жазып жатырмыз, осыны оқушы нақты түсінуі қажет. Екіншіден, процесуалдық әрекет. Жазылым процесі көбінесе қалай бастаймыз, не жазамыз, қалай аяқтаймыз деген сияқты ізденістерден тұрады. Яғни, бұл жердегі мақсатымыз не?



Оқу үрдісінде оқушылардың жазбаша сөйлеу тілін дамытуды сөйлесім әрекетінің түрлерімен (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім) бірлігін қалыптастыру; оқушылардың жазбаша сөйлеу тілін дамытуда жүргізілетін жазба жұмыстарының түрлерін айқындау; жазбаша сөйлеу тілін қатысымдық бағытта дамытудың әдіс-тәсілдерін анықтау;

Жаңа технологияларды қазақ тілі сабағында қолданғанда
жазылым дағдысы бойынша
күтілетін нәтижелер:



- ✓ оқушылардың жазбаша сөйлеу тілінің дамуы сөйлесім әрекетінің түрлерімен (тыңдалым, айтылым, оқылым, тілдесім) бірліктері қалыптасады;
- ✓ шағын әңгіме, мәтін, ертегі, әңгімені өз бетімен аяқтай алады;
- ✓ оқушылар құттықтау хат, жарнама, шақыру хаттарын жаза алады;
- ✓ оқушыларды жеке жұмыс істеуге үйретеді;
- ✓ грамматикалық құрылымдарды оңай түсінуге көмектеседі;
- ✓ оқушылардың есте сақтау, есту, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамытады;
- ✓ оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артады;

*Ойлау жанның өте бір қиын терең ісі...
М.Жұмабаев*



Шығармашылыққа үйрететін сабақтар – жаңа технологияларды қолдану болып табылады. Мұндай сабақтарда оқушыға ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық қатынас сақталады. Мұғалім бақылаушы емес, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын шығармашылық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана оқушы интелектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

Назарларыңызға рахмет!